

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН
МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМНІҢ НӘТИЖЕСІ**

Сауалнама жүргізілген күндер: 2025 жылғы 17-26 наурыз

Респонденттер саны: 16

(AERC, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC, AKPA, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	80,7	75,0 (75,0)	72,0 (72,0)	72,5 (72,0)
ЖІӨ %, ж/ж	4,8*	4,7 (4,9)	4,5 (4,5)	4,3 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	8,6	10,6 (8,7)	9,0 (7,0)	6,1 (5,8)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылдың соңына (жақша ішінде алдыңғы мәндер көрсетілген, жылына орта есеппен)	14,7	15,9 (15,3)	14,3 (12,7)	11,5 (10,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	91,9	92,2 (92,3)	94,7 (93,1)	93,6 (93,6)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	74,2	75,3 (72,3)	76,0 (74,0)	77,5 (76,5)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	510,0 (514,0)	532,0 (535,0)	550,0 (550,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	9,0 (8,5)			
ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі** %, ж/ж	4,2 (4,3)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Бір баррель мұнайдың 2025 және 2026 жылдарға арналған бағасы бойынша сценарийлік болжамдар тиісінше **75** және **72** АҚШ доллары деңгейінде сақталды. 2027 жылға арналған болжам біршама жоғарылап, баррель үшін **72,5** АҚШ долларына дейін қайта қаралды.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсімі бойынша бағалар 2025 және 2027 жылдарға төмендетіліп, бұл өз кезегінде ортамерзімді перспективада экономиканың баяулау траекториясы айқын болғанын көрсетеді. 2025 жылға арналған болжам 4,9%-тен **4,7%**-

* ЖІӨ - ҚР СЖЖРА ҰСБ 2024ж. қаңтар-желтоқсан бойынша жедел деректері,

** Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

*** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

ке, ал 2027 жылға арналған болжам 4,5%-тен **4,3%**-ке дейін төмендетілді. 2026 жылға арналған күтулер **4,5%** деңгейінде сақталды.

ТБИ. Алдыңғы сауалнама нәтижелерімен салыстырғанда, респонденттердің инфляция деңгейі бойынша бағалаулары барлық болжамдық кезеңде нашарлады. 2025 жылға арналған күтулер 8,7%-тен **10,6%**-ке, 2026 жылға – 7,0%-тен **9,0%**-ке, ал 2027 жылға – 5,8%-тен **6,1%**-ке дейін жоғарылады.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. 2025-2027 жылдардың соңына қарай базалық мөлшерлеме деңгейіне қатысты сарапшылардың бағалауы инфляциялық тәуекелдердің күшеюі аясында неғұрлым ұстамды ақша-кредит саясаты күтілетінін көрсетеді. 2025 жылға арналған медианалық болжам мәні – **15,9%**, 2026 жылға – **14,3%** құрайды. 2027 жылы базалық мөлшерлеме **11,5%** деңгейінде болады деп болжанып отыр.

ТАУАР МЕН ҚЫЗМЕТ ЭКСПОРТЫ. Экспорт көлемі бойынша аналитиктердің күтулерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ. Болжамдарға сәйкес, алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда, 2026 жылы экспорт көлемі сәл жоғары қалыптасып, **94,7** млрд АҚШ долларын құрайды. 2025 және 2027 жылдары тиісінше **92,2** және **93,6** млрд АҚШ доллары деңгейінде күтіледі.

ТАУАР МЕН ҚЫЗМЕТ ИМПОРТЫ. Импорт көлемі бойынша аналитиктер 2025-2027 жылдарға арналған болжамдарын жоғарыға қарай қайта қарады. 2025 жылға арналған болжам 72,3 млрд АҚШ долларынан **75,3** млрд АҚШ долларына дейін қайта қаралып, 2026 жылға арналған болжам 74,0 млрд АҚШ долларынан **76,0** млрд АҚШ долларына дейін көтерілді. 2027 жылы импорт көлемі одан әрі ұлғайып, **77,5** млрд АҚШ долларын құрайды деп болжануда (бұған дейін – 76,5 млрд АҚШ доллары болды).

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша аналитиктердің болжамы сәл жақсарды. 2025 жылға арналған күтілулер жылдық орташа мән бойынша 1 АҚШ долларына 514 теңгеден **510** теңгеге, ал 2026 жылға – 535 теңгеден **532** теңгеге дейін қайта қаралды. 2027 жылға арналған бағам бойынша күтулер бұрынғы деңгейде – 1 АҚШ долларына **550,0** теңге мөлшерінде сақталды.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді нысаналы, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруды қамтамасыз ететін базалық мөлшерлеме мәні сарапшылар бағалауы бойынша **9,0%** деңгейінде (бұрын – 8,5%) белгіленді.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСІМІ. Респонденттер 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,2%** деңгейінде бағалап отыр.

Болжамдар ауқымының кеңдігі мен макрокөрсеткіштердің әрқелкі серпіні аналитиктердің бағалауларында белгісіздік сақталғанын көрсетеді. Респонденттердің мұнай нарығына қатысты күтулері бүкіл болжамдық кезеңде ұстамды қалпында сақталып отыр. ЖІӨ өз әлеуетіне қарай ұмтылады. Ал инфляцияның қарқыны жеделдеп, таргетке қол жеткізуге кедергі келтіреді. Ал, айырбас бағамы жоғары болған жерде импорттың өсу үрдісі жалғаса береді.